

## Саусақ жаттығулары картотекасы...

### «Санамақ» №1

Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аナンмен сурет саламын , ( алақанды жұмып ашады) Міне басы, міне іші ( қолды шенбер жасап айналдырады) Аяқтары, қолдары, көздері ( қолымен кішкентай және үлкен шенбер салу) Аузы, сақинадан жасалған ( ауда сақинаны салу).Әдемі шашы да бар ( қолдарын екі жаққа ашады)  
Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету)  
Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету)  
Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу)  
Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру)  
Сол аяқпен секіремін (орында жүру)

### Шынжыр №2

Оң және сол қолдағы түйісп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.  
**Шіл :** оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балануýрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортанғы саусақ пілдін тұмсығы.  
**Доп:** алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).  
**Гүл :** қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанакпен қосыла түттері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орынданай отырып, мына өлең жолдарын айтады.  
Саусақтар шынжыр болады,  
Үзілмейді тартсан да,  
Ал, піл келіп шынжырды,  
Үзіп кетті басқанда.  
Тұмсығымен доп іздел, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр

### «Сәбіз салаты» №3

Сәбізді алып тазалаймыз ( оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ықсылайды)  
Үккішпен үгіп майдалаймыз ( екі қолды фжұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)  
Қанттан сеуіп дәмдейміз ( саусақтардың ұшымен қант себеді)  
Міне дайын нәр тағам ( екі қолын алдына жайып көрсетеді).  
Дәруменге байыған ( алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).

### «Кірпі» жаттығуы» №4

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)  
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).  
Кіріп кетсе қолына,  
Әкпелеме жарайма!

### «Достық» жаттығуы» №5

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос ( қолдың саусақтары өзара бірігеді)  
Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес  
Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).  
Разминка:  
Санайық жаңаша  
Бір, екі, үш!  
Желбіре жалауша,  
Достықта біздің күш.  
Оң қолымда бес саусак,  
Сол қолымда бес саусақ.  
Оларды атап шақырапар,  
Әрқайсысының аты бар.  
Бас бармақ,  
Балаң үйрек,  
Орган терек,  
Шылдыр шұмек,  
Кішкене бебек.

#### «Қимылды қайтала» жаттығуы №6

Мақсаты : қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.  
Жаттығу барысы : Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. ( кейбір саусақтар бұгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар).  
Балалар сол қимылды тұра солай қайталау керек.  
Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.  
Мақсаты : қол саусақтарының курделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алаканды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алакандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және органғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бұгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен

саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау  
керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тұра солай қайтадан үстелге қою керек.  
Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

«Фигураларды құрастыру» жаттығуы.

Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шыгару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі:  
Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;  
Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;  
Үй құрастыру;  
Жалауша құрастыру;  
Жұлдызша құрастыру;

#### «Саусақтар жүреді» №7

Екі саусақпен 5-ке дейінгі тұра және кері санап, алға-артқа жүру.«Куырмаш»  
Куыр-куыр куырмаш,  
Балаларға бидай шаш.  
Бас бармақ,  
Балан үйрек,  
Орган терек,

Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек.  
Сен тұр – қойыңа бар!  
Сен тұр – жылқыңа бар!  
Сен тұр – ешкіңе бар!  
Сен тұр – сиырыңа бар!  
Сен тұр – түйене бар!  
Ал сен алаңдамай,

Қазан түбін жалап, үйде жат.  
Мына жерде құрт бар,  
Мына жерде май бар.  
Мына жерде қатық бар,  
Қытық, қытық!

Қане, қайсы алақан,  
Біз – кішкентай. (балапан)  
Аралардың нәрі,  
Бау-бакшаның сәні. (гүл)  
Тік, тік, тік пісте,  
Қысы-жазы бір түстеге. (шырша)  
Мениң тұрақты мекенім,  
Сәнді етіп жүремін. (үй)

Санайық жаңаша,  
Бір, екі, үш!  
Желбіре жалауша,  
Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,  
Сол қолымда бес саусақ.  
Оларды атап шақырап,  
Әрқайсысының аты бар.  
Бас бармақ,  
Балаң үйрек,  
Орган терек,  
Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек.

Біз гүлдерше өсеміз,  
Жапырағы жайқалған  
Сабақтары салалы,  
Желмен бірге ыргалған.  
Тепе-тендік жолменен,  
Арасында мен келем.  
Бір, екі, үш, төрт,  
Келе жатқан жете алмай,  
Мынау біздің мекен-жай.

### «ҚЫЗЫҚ-АЙ» №8

Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)

Кой қағып түр қақпаны (сөз ырғагына  
сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)  
Теүіп және сүзіп-ай (аяқтарын  
топылдатады, «мүйіз» жасайды)

Кой қағып түр қақпаны (сөз ырғагына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)  
Күлкілі, әрі қызық-ай екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)  
Аша алмады бұзып-ай (сөз ырғагына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)  
Басын ауыртты, тапқаны (жұдырықпен аяқтарын соғады)  
Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолмен бастарын сипайды, иықтарын көтереді)  
Кой қағып түр қақпаны (сөз ырғагына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)  
Согар қойдың өзін-ай (қабағын түйіп, сұқ саусакпен док көрсетеді)  
Табылар ма жан қане (екі қолды жая иықтарын көтереді)

### «ҚОЛТЫРАУЫН» №9

Қолтырауын қонақ күтуде (екі қолдың саусактарын түйіп кайта ашып қалады)  
Тістері тұра шегедей (саусактарын ашкан күйі оң алақанды сәл дөңгелетіп үстіне  
беттестіре саусактарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашкан сияқты» ашып-  
жабады. Бұл жерден қой өтпеді ме? (қолды төмен бос тастап, иықты жоғары көтереді)  
Деп сұрадым ойын білмекке (алақандарын бір-біріне ыскылайды)  
Ал ол болса тымпиып жатыр (көздерін қысады)

### «КІМ КЕЛДІ?» №10

Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)  
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір  
мезгілде соғады)  
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)  
Иә, иә, иә! (сұқ саусактарының ұштарын соғады)  
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)  
Иә, иә, иә! (ортанғы саусактардың ұштарын соғады)  
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас  
бармақтарының ұштарын соғады)  
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусактардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)  
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)  
Иә, иә, иә! (кішкене саусактардың ұштарын соғады)  
Біздер тату жанұя (барлық саусактардың ұшымен бірге соғады)  
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалактайды)

### «ТОРҒАЙ» №11

Саусактары бас  
Алақан қанат (алақандар өзіне қарайды, үлкен бармақтар өріледі. Саусактарды қозғау)

### «ҮКІ» №12

Орманда қарангы (екі қолдың білектерін біріктіре саусактарды жан-жакқа ашады  
(«Орман»))  
Бәрі-бәрі үйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Үйқыға кетеді»))  
Үкі ғана үйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусактың ұштарын біріктіре дөңгелентіп  
көздеріне қояды («Үкінің көздері»))  
Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңгаз үкі»))  
Әрі-бәрі отырды да (қолдарын жан-жакқа жая ұшып, басқа орынға ауысады)

### **«МЫСЫҚ» №13**

Мысық біздін саққулак

Тышқанды жақсы есту үшін бірак (ортаншы және төртінші саусақтар бас бармаққа тіреледі, сұқ саусақ және кішкентай саусақ жоғары қарайды)

### **«ҚАЗ» №14**

Қаз токтамай қанқылдайды

Жақындасан шымшылдайды (білек тік, алақан түзу. Сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі. Барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады)

### **«КОРАЗ» №15**

Қораз, қораз қоқылдақ

Ерте-тұрар-қоқылдан

Алтын айдар басында

Ән салар үй қасында (алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашық үстіге қарайды)

### **«ДОП» №16**

Он, тоғыз (алақандарымен шапалақтайды)

Серіз, жеті (отырган күйі аяқтарын алақандарымен қағады)

Төрт, үш (алақандарымен шапалақтайды)

Екі, бір (отырган күйі аяқтарын алақандарымен қағады)

Доп ойнайық (алақандарымен шапалақтайды)

Кел, жүгір (қолдың біресе ішімен, біресе сыртымен көздерін жабады)

Тек білейік (әр сөз ыргағымен шапалақтайды)

Анық нық (әр сөз ыргағымен аяқтарын топылдатады)

Допты алып қашқан (отыра қалады)

### **«СӨЗДЕР» №17**

1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)

Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)

Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре үстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүте «құлак» жасайды)

Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік үстайды «мүйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)

Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп ұлken «қарбызы» жасайды)

Қарбыз-жолақты сөз екен

### **«ШАЯН МЕН МЫСЫҚ» №18**

Тасасында көпірдің (сол қолды шынтақтан

бүге, алақандарды төмен қараты алдына ұстап «көпір жасайды». «көпірдің астына он қол саусақтарын төмен қараты үстай «көп аяқты шаян сияқты» жыбырлатады)

Кәрі шаян тұрыпты (алға созылған он қолдың үстімен иықтан төмен қараты сол қолдың 2-ші және 3-ші саусақтарын жүгіртеді)

Көпірден өткен мысықтың (иықтан төмен «жүгірген» саусақтар қолдың басына келгенде саусақты он қолдың жұдырығында қысып ұстап қалады)

Құйрығынан жұлыпты (сол қолдың кішкентай саусағы он қолдың жұдырығында қысылған күйі 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарды бас бармақпен біресе біріктіре, біресе қайта ашып мияулаган мысықтың аузын бейнелейді)

«Құтқарындар, (сол қолдың кішкентай саусағын қыса ұстаған он қолдың саусақтарын біртіндеп ашады)  
Мяу-мяу-мяу! (екі қолды бірінің үстіне бірін қоя екі қолдағы барлық саусақтарды тез-тез «жүгіртеді»)  
Босатындар шаяннан!» (сөздің айтылу ырғагына сәйкес алақандарын шапалактайды, соңғы сөзге аяқтарын топылдатады)  
Қане, кім бар келіндер!  
Мысыққа көмек беріндер!

### «СӘЛЕМ» №19

Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)  
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)  
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)  
Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)  
Сәлемет пе, (екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)  
Шуакты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек тенселеді)  
Сәлемет пе, (екі қолды тәмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына үстайды)  
Нұрлы аспан көкпенбек! (он жаққа он қолын жаяды)  
Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды)  
Самал жел желпіген» (он қолдың сұқ саусағын алдына тік үстай онға, солға кезектестіре шайқайды)  
Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)  
Кішкентай түбіртек!  
Сәлем, таң жана атқан!  
Сәлем, күн арайлы!  
Сәлемге еріну!  
Бізде әсте болмайды

### «ӨРМЕКШІ» №20

Күні бойы еңбекпен (он қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше кайталайды (сол қолдың бас бармағы мен он қолдың сұқ саусағы)  
Өрмекші өрмек токиды (саусақтарын сыртылдатады)  
Нөсер тек кенет селдеткен (он алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырганап түседі»)  
Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)  
Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе онға, біресе солға иіледі)  
Құргады тез-ак төнірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады)  
Өрмекші өрмек токуга  
Кірісті, дереу, тезірек